

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы құралдары (жалғасы)***Қаржы активінің құнсыздануы (жалғасы)**Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері (жалғасы)*

Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржылық кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтеу мүмкіндігі болмаса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса Компанияға берілсе, баланстан есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздануды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады. Егер қаржы құралы құнының есептен шығарылуы кейінінен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржыландыру бойынша шығындардың кемуі ретінде танылады.

*Қаржылық міндеттемелер**Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХБЕС қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян; несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар мен несиелер жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, несиелер мен қарыз алуды, қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

*Кейінгі бағалау*

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

*Несиелер мен қарыздар*

Пайыздық несиелер мен қарыздар бастапқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық ақыларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

*Қаржылық кепілдік шарттары*

Компания шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыру қабілетсіздігі салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеуге төлемді жүзеге асыруды талап ететін шарттың өзін білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдікті шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде бастапқыда танылады.

Соңынан, міндеттеме мынадай шамалардан барынша көп бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағалануы және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттеменің танылған сомасы.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы құралдары (жалғасы)*****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)******Кейінгі бағалау (жалғасы)******Сауда кредиторлық берешек***

Кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Компания шоттарының жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құны бойынша ескеріледі.

***Тануды тоқтату***

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемелерді тану егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, доғарылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте мойындалады.

***Қаржы құралдарын өзара есепке алу***

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуы тиіс.

***Тауар-материалдық қорлар***

Материалдар мен шикізат өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлардың құны ФИФО әдісінің негізінде ескеріледі.

***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Компания әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе активтің құнсыздану затына жыл сайынғы тексеруді жүргізу қажет болып қалса, Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жасайды. Активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – келесі өлшемдердің ең үлкені: сатуға жұмсалған шығынды шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасамаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағымдарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағымдары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі пайдаланылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес кәсіпорындар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания жекелеген активтер жататын Компанияның әрбір ААЖБ үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін 5 (бесінші) жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатының құрамында танылады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Компания әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Компания активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан немесе сол бойынша осы актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын мойындалмаған жағдайда танылатын амортизацияны шегере отырып, баланстық құннан аспайтындай етіп шектелген. Құнды осылайша қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте мойындалады.

**Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен олардың баламалары өтелмеген банктік овердрафттарды шегере отырып, жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

**Резервтер**

Резервтер Компанияның өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болғанда, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері мәнді болып табылса, резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлеуге дейін мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

**Жарғылық капитал және дивидендтер**

Жарғылық капитал өзіндік құны бойынша ескеріледі және жай әрі артықшылықты акциялардан тұрады. Жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің төленуі олар жарияланған кезеңде меншікті капиталдың азаюында көрсетіледі. Дивидендтерді жариялау және төлеу акционердің қарауына қарай жүзеге асырылады. Есепті күннен кейін жарияланған дивидендтер ақпаратты тиісінше ашып көрсете отырып 10 ХБЕС-ке сай «Есепті күннен кейін болған оқиғалар» бұдан арғы оқиға ретінде қарастырылады.

**Кірістер мен шығыстарды тану**

Компания шаруашылық операциялардан экономикалық пайданы ала алатындығының ықтималдығы болған дәрежеде кірістер танылады және кіріс сомасы шынайы бағалануы мүмкін. Өткізуден түскен кіріс жанама салықтарды шегере отырып ескеріледі. Кірісті тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

***Тауарларды сату***

Тауарларды өткізуден түскен кіріс сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен сыйақылар берілген кезде танылады.

***Басқару қызметтерін көрсету***

Басқару қызметтерін түскен кірістер олар бүкіл келісімшарт құнының және орындалу пайызының негізінде көрсетілген кезеңде танылады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)***Пайыздық кіріс*

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздарды есептеу кезінде, яғни қаржы активінің таза ағымдағы құнына дейін қаржы құралының күтілетін айналыста болу ұзақтығының кезеңі ішінде ақша қаражатының болжамды келешек түсімдерін дисконттайтын мөлшерлеме бойынша кіріс мойындалады.

*Дивидендтер*

Компанияның төлемді алуға арналған құқығы белгіленгенде дивидендтерден түскен кіріс танылады, бұл әдетте, акционерлер дивидендтерді бекіткенде болады.

*Шығыстар*

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

**Қарыздар бойынша шығындар**

Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай активтің баланстық құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа да шығындар туындау сәтіне шығыстар ретінде мойындалады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Компания қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

**Ағымдағы табыс салығы**

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Бұл соманы есептеу үшін Компания өзінің операциялық қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қолданылған немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы пайдаланылды.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Компания басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

**Мерзімі ұзартылған салық**

Мерзімі ұзартылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Мерзімі ұзартылған салық (жалғасы)**

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта каралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша мойындалмаған Активтер әрбір есепті күнге қайта каралады және келешекте салық салынатын пайда мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша Активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне карама-қарсы есепке алынады.

**Басқа да салықтар**

Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жалақының 11% бірыңғай мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салықты төлейді.

Сондай-ақ Компания өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады, бірақ олардың зейнетақы қорларына аударымдар ретінде 2014 жылы 199.960 теңгеден (2013 жылы: 127.968 мың теңге) артық емес. Заңнамаға сай зейнетақы аударымдары қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады. Заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақы қаражаты үшін жауапты болады және Компанияның өз қызметкерлеріне олар зейнетке шыққан кезде қазіргі немесе келешек міндеттемесі жоқ.

**Қосылған құн салығы (ҚҚС)**

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

**Төлуге ҚҚС**

Клиенттерден дебиторлық берешек алынғаннан кейін ҚҚС салық органдарына төленуі тиіс. Есеп айырысуы есепті күнге жүзеге асырылған сатып алулар бойынша ҚҚС төленуге жататын сомандан есептен шығарылады.

Сонымен бірге, солар бойынша есептеулер есепті күнге аяқталмаған сатуларға қатысты ҚҚС төленуге жататын ҚҚС сомасына қосылады.

Дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв құрылған кезде құнсызданудан болған залал, ҚҚС сомасын қоса алғанда, берешектің барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық салу мақсатында дебиторлық берешектен есептен шығарылғанға дейін есептілікте көрсетіледі.

**Өтелуге жататын ҚҚС**

Өтелуге жататын ҚҚС бухгалтерлік есеп шоттарында ҚҚС-пен бірге сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша және егер ондайлар кіріс алу мақсатында пайдаланылса көрсетіледі.

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен бірге есепке алынуы тиіс.

**Шартты активтер мен міндеттемелер**

Шартты активтер қаржылық есептілікте мойындалмайды. Кірісті өткізу іс жүзінде мүмкін болғанда, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оның мойындалуы орынды болып табылады.

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте мойындалмайды. Олар егер экономикалық пайданы алуға байланысты ресурстардың ағып кету мүмкіндігі шамалы ықтимал болып табылмағанда ғана ашылады.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу**

Байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері, дауыс беру құқығының елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне, ҚазМұнайГаз тобының ұйымдарына, сондай-ақ Самұрық-Қазына және Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын кәсіпорындарға тиесілі болатын ұйымдар кіреді.

**Монетарлық емес активтердің қатысуымен жалпы бақылау астындағы операциялар**

Компания монетарлық емес активтердің қатысуымен жалпы бақылау астындағы операцияларды әділ құны бойынша мойындайды, шартта көрсетілген сомаға қарамастан бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерді қоспағанда, бұл ретте бұл сома мен әділ құн арасындағы айырма капиталда мойындалады.

**Кейінгі оқиғалар**

Бухгалтерлік баланстың жасалу күніне Компанияның ережесі туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар олардың маңыздылығы болған кезде ескертпелерде ашылады.

**4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін негізгі құралдардың қозғалысы былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жер	Үйлер мен ғимарат- тар	Жабдық	Көлік құрал- дары	Аяқтал- маған құрылыс	Басқа	Жиыны
<b>Бастапқы құны</b>							
<b>2012 жылғы</b>							
31 желтоқсан	253.221	391.431	16.869	169.033	2.709.397	433.694	3.973.645
Түсімдер	–	–	–	17.546	268.615	46.899	333.060
Шығулар	–	(391.431)	(7.287)	(24.270)	(2.162.705)	(173.845)	(2.759.538)
<b>2013 жылғы</b>							
31 желтоқсан	253.221	–	9.582	162.309	815.307	306.748	1.547.167
Түсімдер	–	–	–	–	627.720	137.168	764.888
Шығулар	(11.167)	–	–	–	–	(7.873)	(19.040)
<b>2014 жылғы</b>							
31 желтоқсан	242.054	–	9.582	162.309	1.443.027	436.043	2.293.015
<b>Жинақталған тозу және құнсыздану</b>							
<b>2012 жылғы</b>							
31 желтоқсан	–	(391.431)	(11.086)	(23.130)	–	(295.970)	(721.617)
Аударымдар	–	–	(2.405)	(11.959)	–	(55.973)	(70.337)
Құнсыздану	–	–	–	–	(641.872)	–	(641.872)
Шығулар	–	391.431	5.407	2.326	–	166.483	565.647
<b>2013 жылғы</b>							
31 желтоқсан	–	–	(8.084)	(32.763)	(641.872)	(185.460)	(868.179)
Аударымдар	–	–	(1.165)	(18.385)	–	(49.064)	(68.614)
Құнсыздану	–	–	–	–	(627.720)	–	(627.720)
Шығулар	–	–	–	–	–	5.480	5.480
<b>2014 жылғы</b>							
31 желтоқсан	–	–	(9.249)	(51.148)	(1.269.592)	(229.044)	(1.559.033)
<b>Қалдық құны</b>							
<b>2013 жылғы</b>							
31 желтоқсан	253.221	–	1.498	129.546	173.435	121.288	678.988
<b>2014 жылғы</b>							
31 желтоқсан	242.054	–	333	111.161	173.435	206.999	733.982

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жалғасы)****4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

2014 жылдың ішінде Компания 627.720 мың теңге (2013 жылдың ішінде: 641.872 мың теңге) жалпы сомаға Астана қаласында Жекпе-жек сарайын салу шығындарын құнсыздандырды (26-ескертпе).

2010 жылы Компания жалғыз Акционерден 2.162.705 мың теңге сомасына «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының құрылысы» жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы күйінде негізгі құралдарды алды, әрі ол аяқталмаған құрылыс құрамына капиталдандырылды. 2013 жылдың ішінде Компания «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не осы жобалық-сметалық құжаттаманы берді.

2013 жылдың ішінде Компания 2006-2007 жылдары орындалған жобалау-зерттеу жұмыстары бойынша жобалардың келешекте пайдаланылуы үшін өзекті еместігіне және жарамсыздығына орай 373.257 мың теңге мөлшерінде жинақталған шығындарды есептен шығарды.

**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйымдарға инвестицияларға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	86.443.602	65.490.795
«ҚазТрансГаз Алматы» АҚ	40.301.778	28.055.438
«Аманкелді Газ» ЖШС	22.355.824	19.458.375
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	18.991.131	242.714
«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС	2.608.392	2.181.282
«ҚазТрансГаз Тбилиси» АҚ	478.778	478.778
«ҚазТрансГаз – Бишкек» ЖШҚ	4.797	–
«Интергаз Файнэнс Б.В.»	2.945	2.945
Минусы – еншілес кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздану резерві	(1.624.201)	(1.419.739)
	<b>169.563.046</b>	<b>114.490.588</b>

2014 және 2013 жылдары еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздану резервінің қозғалысы былайша болды:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Жыл басына құнсыздану резерві	(1.419.739)	(1.419.739)
Бір жылға құнсызданудың есептелгені	(204.462)	–
Жыл соңында құнсыздану резерві	<b>(1.624.201)</b>	<b>(1.419.739)</b>

2014 жылдың ішінде Компания «ИОА»-ның жарғылық капиталын 17.391.825 мың теңге сомасында ақшалай толықтырды. Сондай-ақ Компания 42.753 мың теңге (2013 жылдың ішінде: нөл теңге) сомасындағы әділ құн бойынша өтеусіз негізде «ИОА» берген «Сити Банк» АҚ алдындағы кепілдік келісімі бойынша «ИОА»-ға салынған инвестицияны мойындады.

2014 жылғы 3 маусымда Компания мен «ИОА» Ақтөбе облысында орналасқан «Жанажол-Ақтөбе» магистральды газ құбырының «Октябрьск-Алға» учаскесін 1.313.839 мың теңге сомаға сенімгерлік басқару шартын жасады.

2014 жылы Компания «АГ»-ның жарғылық капиталын 2.897.448 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында ақшалай толықтырды.

2014 жылы Компания «КТГ–ЛНГ»-ның жарғылық капиталын 2.897.448 мың теңге сомасында ақшалай және 34.110 мың теңге сомасында негізгі құралдармен (2013 жылы: нөл теңге) толықтырды.

2014 жылдың ішінде Компания «КТГ-Алматы»-ның жарғылық капиталын 11.954.962 мың теңге сомасында ақшалай толықтырды. Сондай-ақ Компания 2.903.077 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында жыл ішінде көрсетілген пайызсыз қаржылай көмек бойынша дисконт сомасына баламалы 291.376 мың теңге сомасында «КТГ-Алматы»-дағы инвестицияны мойындады (12-ескертпе).

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

2014 жылдың ішінде Компания «ҚТГ-Аймақ»-тың жарғылық капиталын 1.553.840 мың теңге сомасында ақшалай және 17.189.465 мың теңге сомасында негізгі құралдармен (2013 жылдың ішінде: 4.169.479 мың теңге және тиісінше 520.673 мың теңге) толықтырды. 2014 жылы Компания «ҚазМұнайГаз»-дан алынған, 7.701.272 мың теңге сомаға Батыс Қазақстан облысында, 2.605.311 мың теңге сомаға Жамбыл облысында, 1.455.453 мың теңге сомаға Ақтөбе облысында, 5.427.429 мың теңге сомаға Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын «ҚТГ-Аймақ»-қа инвестициялар ретінде берді (16-ескертпе).

2014 жылы Компания сондай-ақ «ҚТГ-Аймақ»-тың жарғылық капиталына «МАЭК-Казатомпром» ЖШС-тен сатып алынған 1.201.295 мың теңге сомасына «Ақтаугазсервис» АҚ-ның акцияларымен қосымша жарна салды. Бұл инвестиция 199.672 мың теңге сомасына құнсызданды.

Сондай-ақ Компания 1.042.342 мың теңге (2013 жылы: 106.846 мың теңге) әділ құны бойынша өтеусіз негізде «ҚТГ-Аймақ»-қа берілген «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ алдындағы кепілдік келісімі бойынша «ҚТГ-Аймақ»-қа салынған инвестицияны мойындады.

2014 жылы Компания «ҚырКазГаз» ЖШҚ-дағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алып, «ҚазТрансГаз – Бишкек» ЖШҚ-ға атауын өзгертті, осылайша, 2014 жылғы 31 желтоқсанға Компания қатысу үлесінде 100%-ға иелік етеді.

**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестицияларға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	74.985.033	72.715.001
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	600.000	600.000
«ҚазТрансГаз АГ»	90.940	90.940
«ҚырКазГаз» ЖШҚ	–	2.044
Минусы – бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздану резерві	(90.940)	(92.984)
	<b>75.585.033</b>	<b>73.315.001</b>

2014 және 2013 жылдары бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздану резервінің қозғалысы былайша болды:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Жыл басына құнсыздану резерві	(92.984)	(90.940)
Бір жылғы құнсыздану	–	(2.044)
Резервті қайтару	2.044	–
<b>Жыл соңында құнсыздану резерві</b>	<b>(90.940)</b>	<b>(92.984)</b>

2014 жылы Компания 26.000.271 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында жыл ішінде көрсетілген пайызсыз қаржылай көмек бойынша дисконт сомасына баламалы 2.270.032 мың теңге сомасында «ГБШ»-тағы қосымша инвестицияны мойындады (12-ескертпе).

**7. БАНК САЛЫМДАРЫ**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі салымдарға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Банктердегі ұзақ мерзімді салымдар</b>		
Мерзімі бес жылдан асатын теңгемен банк салымдары	1.694.444	1.670.056
Мерзімі бір жылдан асатын және бес жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары	–	4.500.000
	<b>1.694.444</b>	<b>6.170.056</b>
Минусы: Пайдалануға шектелген ақша қаражаты	(1.694.444)	(1.670.056)
	–	4.500.000
<b>Банктердегі қысқа мерзімді салымдар</b>		
Мерзімі бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары	10.375.847	109.518
	<b>10.375.847</b>	<b>109.518</b>



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жалғасы)****7. БАНК САЛЫМДАРЫ (жалғасы)**

2013 жылғы 1 тамызда Компания «Альянс Банк» АҚ-да 24 ай мерзімге 4.500.000 мың теңге сомасына депозитті орналастырды. Депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6% құрайды. 2014 жылдың 31 желтоқсанына бұл депозит бойынша қалдық 500.000 мың теңге (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 4.500.000 мың теңге) болды.

2014 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның «Халық Банкі» АҚ-да 1.694.444 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанға: 1.670.056 мың теңге) мөлшерінде пайдалануда шектелген ақша қаражаты болды. Бұл депозиттік шоттар Компания қызметкерлерінің ипотекалық қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде 10-15 жыл мерзімге ашылды. Депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 3,5% құрайды.

2013 жылдың 31 желтоқсанына 109.518 мың теңге сомасындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары активтерді шығару бойынша міндеттемелер бөлігінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша пайдалануда шектелген болды. «Аманкелді Газ» ЖШС-ке Көмірсутектерді барлау және өндіру келісімшартының берілуіне орай Компания бұл шотты 2014 жылы жапты.

2014 жылғы 10 сәуірде Компания «Азия Кредит Банк» АҚ-да 12 ай мерзімге 1.001.385 мың теңге сомасына (баламасы 5.500.000 АҚШ доллары) депозитті орналастырды. 2014 жылғы 16 мамырда Компания 910.150 мың теңге (баламасы 5.000.000 АҚШ доллары) сомасына қосымша депозитті орналастырды. Депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4,5% құрайды. 2014 жылғы 31 желтоқсанға бұл депозиттер бойынша қалдық 1.914.675 мың теңге (баламасы 10.500.000 АҚШ доллары) болды.

2014 жылғы 20 қарашада Компания «РБК Банк» АҚ-да 12 ай мерзімге 8.000.000 мың теңге сомасына депозитті орналастырды. Депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 9,5% құрайды. 2014 жылдың 31 желтоқсанына бұл депозит бойынша қалдық 1.405.585 мың теңге, оған қоса 31.906 мың теңге сомасында алынуга жататын пайыздар болды.

2014 жылғы 21 қарашада Компания «Qazaq Banki» АҚ-да 12 ай мерзімге 3.000.000 мың теңге сомасына депозитті орналастырды. Депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 9% құрайды. 2014 жылдың 31 желтоқсанына бұл депозит бойынша қалдық 6.539.698 мың теңге, оған қоса 39.699 мың теңге сомасында алынуга жататын пайыздар болды.

**8. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР**

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.388.562 мың теңге мөлшеріндегі басқа да ұзақ мерзімді активтер Астана қаласында Жекпе-жек сарайын жобалау және салу жұмыстары үшін «СК Строй-Контракт» ЖШС-не 2013 жылы берілген аванстармен білдірілген (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1.639.650 мың теңге).

**9. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауар-материалдық қорларға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Газ қорлары	14.588.642	5.586.410
Материалдар және қорлар	6.144	94.347
	<b>14.594.786</b>	<b>5.680.757</b>

**10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (30-ескертпе)	46.124.810	601.419
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	24.832.738	23.342.891
	<b>70.957.548</b>	<b>23.944.310</b>
Минусы: күменді дебиторлық берешек бойынша резерв	(3.235.101)	(2.579.143)
	<b>67.722.447</b>	<b>21.365.167</b>

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****10. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)**

2014 жылдың 31 желтоқсанына күмәнді дебиторлық берешек резервін шегере отырып үшінші тұлғалардың сауда дебиторлық берешегіне негізінен 12.377.580 мың теңге және тиісінше 6.668.300 мың теңге мөлшерінде, АҚШ долларында білдірілген, «Gazprom Schweiz AG» мен «Gazprom Kyrgyzstan» берешегі кірді (2013 жылғы 31 желтоқсанға «Gazprom Schweiz AG» берешегі 18.005.527 мың теңге болды). Басқа қарсы агенттердің сауда дебиторлық берешегі теңгемен берілген.

Күмәнді борыштар бойынша резервтегі өзгеріс былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Жыл басына күмәнді борыштар резерві	(2.579.143)	(2.021.052)
Есептелгені	(182.350)	–
Бағамдық айырманы қайта бағалау	(473.608)	(558.091)
<b>Жыл соңына күмәнді борыштар резерві</b>	<b>(3.235.101)</b>	<b>(2.579.143)</b>

31 желтоқсанға өтеу мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешегін талдау мынадай түрде берілген:

	Жиыны	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				
			<30 күн	30-60 күн	60-90 күн	90-120 күн	>120 күн
2014	67.722.447	26.036.212	16.868.566	4.895.560	13.494.113	–	6.427.996
2013	21.365.167	15.694.934	4.947.013	505.962	217.258	–	–

**11. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелуге жататын салықтарға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Өтелуге жататын ҚҚС-тың ағымдағы бөлігі	4.873.609	1.134.290
Мүлікке салынатын салық	1.190	1.141
Басқа	2.020	6.339
	<b>4.876.819</b>	<b>1.141.770</b>

**12. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ПАЙЫЗСЫЗ ҚАРЫЗДАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздарға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар (30-ескертпе)	26.974.727	392.660
Минусы: Дисконт	(846.371)	–
	<b>26.128.356</b>	<b>392.660</b>
Минусы – бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың құнсыздану резерві	(71.379)	–
	<b>26.056.977</b>	<b>392.660</b>

2014 жылғы 14 наурыз бен 18 желтоқсанда Компания «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырын салу» жобасының екінші кезеңін салуға қажетті қызмет көрсетушілер мен материалдарды жеткізушілердің алдындағы ағымдағы берешекті өтеу үшін тиісінше 15.800.000 мың теңге және 10.200.271 мың теңге сомасында екі траншпен «ГБШ»-ға пайызсыз қарыз берді. Бұл транштарды әділ құны бойынша тану кезінде Компания бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың сомасына балама болатын 2.270.032 мың теңге сомасында дисконт жиынтығын таныды. 2014 жылғы дисконт амортизациясы 1.491.304 мың теңге (2013: нөл теңге) болды.

2014 жылғы қаңтарда Компания «ҚТГ-Алматы»-ға өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін 2.903.077 мың теңге (2013: нөл теңге) жалпы сомаға пайызсыз қарыз күйінде қаржылай көмек берді. Бұл қарыз 2015 жылғы 30 маусымға дейін төленуі тиіс. Тиісінше, жекелеген қаржылық есептілікте қаржы активі 291.376 мың теңге сомасына дисконтты мойындай отырып 2.611.701 мың теңге мөлшерінде әділ құны бойынша еншілес кәсіпорынға салынған инвестициялар құрамында және 223.733 мың теңге мөлшерінде дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің құрамында көрсетілді. 2014 жыл ішінде «ҚТГ-Алматы» 2.000.000 мың теңге сомаға қарыздың бір бөлігін өтеді.

2013 және 2012 жылдардың ішінде Компания өзінің еншілес ұйымы, «ҚТГ ЛНГ» ЖШС-не 243.000 мың теңге және тиісінше 149.660 мың теңге сомасына пайызсыз қарыздар берді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз толығымен өтелді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жалғасы)****13. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР**

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген аванстар Компания «Теңізшевройл» ЖШС-тің пайдасына 2015 жылы табиғи газды жеткізгені үшін берген аванстарды білдіреді (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: нөл теңге).

**14. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді активтер көбінесе 6.462.734 мың теңге сомасына «ИОА»-дан алынуға жататын дивидендтермен білдірілген. 2014 жылдың ішінде Компания 7.955.068 мың теңге сомасына дивидендтерден түскен кірісті мойындады, әрі олардың төленуі туралы «ИОА» 6.462.734 мың теңге, «ҚТГ-Аймақ» 837.709 мың теңге және «АГ» 654.625 мың теңге сомасында жария етті.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді активтер негізінен 326.951 мың текше метр көлемінде «ҚТГ-Аймақ»-тан қарызға алынған газды қайтару берешегін білдіреді.

**15. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен олардың баламалары былайша болды:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Теңгемен банктердегі шоттар	891.877	3.824.706
Шетел валютасында банктердегі шоттар	105.632	454.602
Жолдағы ақша	–	253.457
Кассадағы қолма-қол ақша	6.922	1.610
	<b>1.004.431</b>	<b>4.534.375</b>

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі шоттар пайызсыз болып табылады.

**16. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ**

	Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны)				Жарғылық капитал жиыны, мың теңгемен
	Номиналды құны 100 теңге	Номиналды құны 138 теңге	Номиналды құны 2.500 теңге	Номиналды құны 10.000 теңге	
2014	312.167.670	1	30.976.655	5.438.147	163.039.875
2013	312.167.670	1	30.976.655	3.535.325	144.011.655

Жай акциялар олардың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер Акционерлердің қарауына қарай төленеді. 2014жылы Компания дивидендтерді төлеген жоқ (2013 жылы: нөл теңге).

2014 жылдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.902.822 жай акцияны шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз Акционері сатып алып, әділ құны 17.189.465 мың теңге болатын негізгі құралдармен төленді, шығарылған жай акциялардың сомасы мен алынған негізгі құралдардың әділ құны арасындағы айырма Акционермен жасалған басқа да операциялар ретінде 1.838.755 мың теңге сомасында танылды (5-ескертпе).

2013 жылдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз Акционері сатып алып, «Арқагаз» АҚ-ның акцияларымен төленді.

Компания Басқармасының 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешіміне сәйкес Астана қаласының Әкімдігі бағдарламасының шеңберінде Компания «Нұрлы Астана» Корпоративтік қорға 50.000 мың теңге мөлшерінде демеушілік көмегін көрсетті. Бұл шығыстар Акционерге бөлу ретінде танылды, өйткені операция ҚазМұнайГаз Басқарма Төрағасының тапсырмасына сәйкес орындалды.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****17. ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ**

2014 жылғы 12 қыркүйекте бас компания өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін Компанияға жылдық 4,1%-бен 14.881.897 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсынды (2013: нөл). Бұл қарыз 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін төленуі тиіс. Тиісінше, жекелеген қаржылық есептілікте қарыз 7.009.567 мың теңге сомасына дисконтты мойындай отырып 7.872.330 мың теңге мөлшерінде әділ құны бойынша қосымша төленген капитал құрамында және дисконт амортизациясы 110.058 мың теңге мөлшерінде жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің құрамында көрсетілді (18 және 27-ескертпе).

2013 жылдың ішінде Компания 583.154 мың теңге сомасына газ көлік активтерінің қалған бөлігін алды және алынған газ көлік активтері меншікті капиталдың ұлғаюы ретінде таныды.

**18. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздарға мыналар кірді:

Мың теңгемен	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	2014	2013
«VTB Bank» тобы	2015	ЛИБОР+2,2%	45.587.494	—
«Citibank,N.A.Nassau»	2015	ЛИБОР+ 2%	20.970.250	—
«Ситибанк Қазақстан» ЕБ	2015	ЛИБОР+ 2%	4.649.925	4.608.300
«Royal Bank of Scotland» ЕБ	2015	ЛИБОР+ 2,5%	2.937.659	—
«Credit Suisse»	2014	ЛИБОР+ 7,30%	—	1.536.100
			74.145.328	6.144.400
Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығыстар			(266.542)	(27.583)
Плюсы: төленуге жататын сыйақы			268.694	41.728
			74.147.480	6.158.545

**«VTB Bank» тобы**

2014 жылғы 13 наурызда ВТБ Банк (Австрия) АГ, ВТБ Банк (Германия) АГ және Компания арасында Либор + Банк маржасы (2,2%) мөлшерлемесі бойынша, 6 айға өтеу мерзімімен және 6 айға ұзарту мүмкіндігімен 250 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Несне желісін беру туралы шартқа кол қойылды. Пайыздардың төленуі тоқсан сайынғы негіздегі келісіммен көзделген. 2014 жылғы 26 наурызда Компания 250.000 мың доллар (баламасы 45.504.994 мың теңге) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Компания бастапқы өтеу мерзімін 2015 жылғы 26 наурызға дейін ұзартты. Қарызды ұйымдастыру туралы келісімге сәйкес Компания оның ұйымдастырылуы үшін комиссия ретінде қарыз сомасының 1,35% -ын екі рет төледі, бірінші төлем қарызды алғаш рет алған кезде, ал екіншісі оны 6 (алты) айға ұзарту сәтіне жасалды. 2014 жылдың ішінде Компания 822.987 мың теңге (2013: нөл теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Citibank,N.A.Nassau» және «Ситибанк Қазақстан»**

2014 жылы, Қысқа мерзімді несиелер туралы бас келісімге сәйкес 3 айлық ЛИБОР + 2% мөлшерлемесімен және 12 айға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 200.000 мың АҚШ долларына дейінгі лимитпен айналым капиталын толықтыруға «Ситибанк Қазақстан» АҚ мен «Citibank,N.A.Nassau» Компанияға 215.000 мың АҚШ доллары (баламасы 39.079.250 мың теңге) жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды ұсынды. 2014 жылдың ішінде Компания 104.500 мың АҚШ доллары (баламасы 19.053.475 мың теңге) мөлшерінде негізгі борышты және 88.105 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

2013 жылғы 27 желтоқсанда «Ситибанк Қазақстан» АҚ Компанияға айналым капиталын толықтыру үшін 30.000 мың АҚШ доллары (баламасы 4.608.300 мың теңге) жалпы сомада қысқа мерзімді қаржыландыруды ұсынды. Қарыз 2014 жылғы 31 наурызда толығымен өтелді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жалғасы)****18. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****«Royal Bank of Scotland» ЕБ**

2014 жылғы 10 ақпанда Компания «Royal Bank of Scotland» ЕБ-мен 2015 жылғы 9 ақпанға дейінгі мерзімге ЛИБОР + 2,5%-бен 50.000 мың АҚШ долларына дейінгі сомаға айналым капиталын толықтыруға жаңартылатын несиелік шарттар туралы келісімге қол қойды. Бұл несиелік шарттардың шеңберінде Компания 46.110 мың АҚШ доллары (баламасы 8.448.987 мың теңге) жалпы сомада екі траншпен қосымша қаржыландыруды алды. 2014 жылдың ішінде Компания 30.000 мың АҚШ доллары (баламасы 5.462.400 мың теңге) сомасында негізгі борышты және 11.681 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Credit Suisse»**

2007 жылғы 27 ақпандағы қарыз шартына сәйкес Credit Suisse ҚТГ Тбилисиге 50.000.000 АҚШ долларына баламалы сомаға қарыз берді. Компания мен ИОА Credit Suisse пайдасына бірлескен кепілдікті берді. 2009 жылы ҚТГ Тбилиси қарыз шартының кейбір ережелерін бұзып, пайыздарды төлеуді доғарды. 2009 жылғы желтоқсанда Компания ЛИБОР + 7,3% пайыздық мөлшерлемесін және 2014 жылғы ақпанда өтеу мерзімімен «Credit Suisse» жаңа қарыз алды және қосалқы-консорциалды келісімге қолын қойды. Қосалқы-консорциалды келісімге сәйкес Credit Suisse алынған қарыз бойынша ҚТГ Тбилисидің құқықтары мен міндеттемелері Компанияға берілді. 2014 жылғы ақпанда Компания бұл қарызды және 72.582 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды толығымен өтеді.

**19. БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелердегі қозғалыс былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>1 қаңтарға</b>	<b>904.852</b>	<b>1.158.853</b>
Жыл ішінде еншілес кәсіпорындарға берілген кепілдіктер	1.085.097	106.847
Берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	(299.508)	(360.848)
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>1.690.441</b>	<b>904.852</b>
<b>Ағымдағы бөлік</b>	<b>331.243</b>	<b>497.143</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>1.359.198</b>	<b>407.709</b>

Кепілдіктер бойынша міндеттемелер Компанияның шаруашылық қызметті және өзінің еншілес кәсіпорындарының маңызды келісімшарттарын қаржыландыру бойынша қаржы мекемелері мен басқа да үшінші тараптарға берген кепілдіктері бойынша міндеттемелерін білдіреді. Барлық кепілдікті келісімдер «КТГ» өтемақысының жоқтығы талаптарында жасалды.

**20. РЕЗЕРВТЕР**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерге мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	Кепілдік бойынша резервтер	Салықтар бойынша резервтер	Жиыны
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>2.094.170</b>	<b>2.156.694</b>	<b>4.250.864</b>
Жыл ішінде ұлғаю (28-ескертпе)	666.061	—	666.061
Бағамдық айырма	89.631	—	89.631
Пайдаланылмаған сомаларды қайтару	—	(321.157)	(321.157)
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>2.849.862</b>	<b>1.835.537</b>	<b>4.685.399</b>
Жыл ішінде ұлғаю (28-ескертпе)	651.556	—	651.556
Бағамдық айырма	83.928	—	83.928
Пайдаланылмаған сомаларды қайтару	—	(499.774)	(499.774)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>3.585.346</b>	<b>1.335.763</b>	<b>4.921.109</b>

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)**

Компания ҚТГ – Тбилиси берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтереді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасын 10.000.000 АҚШ доллары (баламасы 1.823.500 мың теңге) құрады. 2009 жылғы қаңтарда ҚТГ-Тбилиси қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 14.175.001 АҚШ доллары (баламасы 2.584.811 мың теңге) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2014 жылы Компания 735.484 мың теңге сомаға қосымша резервті құрды, әрі ол төлем мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды және басқа да шығыстарды білдіреді (2013 жылы: 755.782 мың теңге). 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген резервтің жалпы сомасы 19.662.386 АҚШ доллары (баламасы 3.585.436 мың теңге) болды.

2014 жылдың ішінде Компания салық міндеттемесінің шағымдану мерзімінің өтуіне орай 499.774 мың теңге мөлшерінде 2010 жылға дейін есептелген салықтар бойынша резервтерді сторнациялады (2013: 2009 жылға дейін есептелген 321.157 мың теңге).

**21. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

2014 және 2013 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешекке мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Байланысты тараптардың алдында (30-ескертпе)	21.332.337	5.204.780
Үшінші тараптардың алдында	19.359.571	912.450
	<b>40.691.908</b>	<b>6.117.230</b>

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек негізінен Компанияның газды жеткізгені үшін берешегімен білдірілген. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек, АҚШ долларында білдірілген 16.644.203 мың теңге сомасындағы сауда кредиторлық берешекті қоспағанда (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1.274.377 мың теңге), теңгемен көрсетілген. Сауда кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есептер әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

**22. ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін өткізуден түскен кірістер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Газды экспортқа шығарудан түскен кірістер	71.409.965	79.153.493
Газды ішкі нарықты өткізуден түскен кірістер	64.838.003	1.633.837
Газ транзиті бойынша қызметтерден түскен кірістер	476.697	—
	<b>136.724.665</b>	<b>80.787.330</b>

2013 жылғы 31 желтоқсанда Компания «Gazprom Schweiz AG»-мен 3.350.000 мың текше метрге дейінгі көлемде 2014 жылы газ экспортына келісімшартқа қолын қойды. 2014 жылдың ішінде Компания аталған көлемнен 65.834.029 мың теңге жалпы сомаға 1.667.890 мың текше метр (2013 жылы: 71.552.412 мың теңге жалпы сомаға 2.162.229 мың текше метр) көлемінде газды жеткізді.

2014 жылдың ішінде сатудан түскен жалпы кірістің шамамен 48% «Gazprom Schweiz AG» компаниясына, «ҚТГ-Аймақ»-қа 38% келді (2013 жылы: тиісінше 89% және 2%). Газды ішкі нарықта өткізу үлесінің ұлғаюы Компанияны газбен жабдықтау саласындағы Ұлттық оператор етіп белгілеумен байланысты болды. Компания мәртебесінің осылайша белгіленуі «Газ және газбен жабдықтау турал» Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген.

2014 жылы Компания «Газпром» ААҚ-мен 2014 – 2015 жылдары Қырғыз Республикасының мұқтаждықтары үшін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы табиғи газды тасымалдауды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету шартын жасады. 2014 жылдың ішінде «Газпром» ААҚ бұл шартқа сәйкес «ИОА» мен «ГБШ» басқаратын «Бухара – Урал», «Бейнеу – Бозой – Шымкент» және «БГР – ТБА» газ құбырлары бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы табиғи газдың 31.832 мың текше метрін тасымалдады.

**23. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

2014 жылы Компания 7.602.071 мың текше метр табиғи газды өткізді (2013 жылы: 3.033.131 мың текше метр). Газ жеткізушілерінің саны 2013 жылы 8-ден бастап 2014 жылы 21-ге дейін өсті.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****24. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалпы және әкімшілік шығыстар былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Жалақы және әлеуметтік аударымдар	2.036.834	1.746.345
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	407.146	–
Жалдау шығыстары	406.909	184.937
Демеушілік көмек пен қайырымдылық шығыстары	376.972	399.138
Рекрутинг	289.518	–
Консалтинг қызметтері үшін төлем	263.212	671.011
Күмәнді борыштар бойынша резервтер	253.729	–
Инвестициялардың құнсыздануынан болған шығын	204.462	330.398
Іссапар шығыстары	111.605	110.401
Тозу және амортизация	97.704	114.251
Тасымалдау шығыстары	89.590	95.320
Жарнама	65.191	58.684
Жеңдеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары	43.279	66.378
Банк қызметтері	40.008	–
Әкілдік шығыстары	34.590	137.846
Қызметкерлер құрамын оқыту	26.142	44.273
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығыстары	19.666	73.615
Байланыс қызметтері	17.703	17.101
Өтелуге жататын ҚҚС-ты есептен шығару	15.069	592.452
Салық провизияларын сторнациялау (20-ескертпе)	(499.774)	(321.157)
Өзге	77.696	137.917
	<b>4.377.251</b>	<b>4.458.910</b>

**25. ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін өткізу шығыстары былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Тасымалдау бойынша қызметтер	26.384.072	3.035.157
Газды сақтау	1.055.395	227.878
Өзге	22.819	1.742
	<b>27.462.286</b>	<b>3.264.777</b>

2014 жылы тасымалдау қызметтеріне гах экспортымен, сол сияқты газды ішкі нарықта өткізумен байланысты шығыстар кіреді (2013 жылы: тек газ экспортымен ғана).

**26. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін басқа да операциялық кірістер / (шығыстар) былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Өзге де операциялық кірістер:</b>		
Тарихи шығындарды өтеу	746.203	–
Басқару қызметтері	104.269	–
Кредиторлық берешекті есептен шығару	25.350	–
Өзге де кірістер	198.232	156.794
	<b>1.074.054</b>	<b>156.794</b>

2014 жылы «ГБШ» 746.203 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында «Қазақстан-Қытай» (Бейнеу-Шымкент) газ құбырының екінші учаскесін салу» жобасы жұмысының дайындық бөлігінің іске асырылуы орай Компанияның 2013 жылы шеккен шығыстарын өтеді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****26. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР) (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Өзге де операциялық шығыстар</b>		
Аяқталмаған құрылыстың құнсыздануы бойынша шығыстар	(627.720)	(641.872)
Негізгі құралдарды өткізуден болған залал	(13.560)	(490.762)
Басқа да шығыстар	(216.328)	(10)
	<b>(857.608)</b>	<b>(1.132.644)</b>

2013 жылы Компания «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-не жалғыз Акционерден 2010 жылы 2.162.705 мың теңге құнымен алынған құны 1.785.714 мың теңге болатын «Бейнеу-Шымкент газ құбырын салу» жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы берді (4-ескертпе). Тиісінше 2013 жылы жобалық-сметалық құжаттама есептен шығарылған кезде Компания 376.991 мың теңге мөлшерінде шығынды мойындады.

**27. ОҢ БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО**

2014 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі теңге бағамын АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты түзетті. Түзетуден кейін айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 155,56 теңгеден 1 АҚШ долларына 184,50 теңгеге дейін өсті. Теңгенің түзетілуі 2.157.652 мың теңге сомасында таза оң бағамдық айырмаға әкеп соқтырды, соның салдарынан, Компанияның АҚШ долларымен білдірілген сауда дебиторлық берешегі бойынша айтарлықтай баланстары бар.

**28. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР / (ШЫҒЫНДАР)**

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық кірістер / (шығындар) былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Қаржылық кірістер</b>		
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	1.715.037	—
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	432.394	360.848
Банк салымдары бойынша пайыздар	616.505	145.544
Өзге де қаржылық кірістер	—	309
	<b>2.763.936</b>	<b>506.701</b>
<b>Қаржылық шығындар</b>		
Қарыздар бойынша пайыздар	(1.222.483)	(247.825)
Қарыздар бойынша комиссиялық сыйақы	(990.368)	—
Кепілдік бойынша резервті есептеу (20-ескертпе)	(651.556)	(666.061)
Кепілдіктер бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы	(132.886)	—
Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы (17-ескертпе)	(110.058)	—
Басқа да қаржылық шығыстар	—	(27.016)
	<b>(3.107.351)</b>	<b>(940.902)</b>

**29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

Компанияға 2013 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 20% колданыстағы ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

Жиынтық кіріс туралы есепте табыс салығы бойынша шығыстардың негізгі құрамдастары төменде көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	4.869.013	8.497.313
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыстар	205.680	152.653
<b>Табыс салығы бойынша шығыс</b>	<b>5.074.693</b>	<b>8.649.966</b>



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****29. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Төменде салық бойынша шығыстармен бірге қаржылық есептілік мақсаттарында салық салынғанға дейінгі пайданың салыстырылуы келтірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Салық салуға дейінгі пайда	30.596.186	37.458.473
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
<b>Ресми мөлшерлеме бойынша табыс салығының шығыстары</b>	<b>6.119.237</b>	<b>7.491.695</b>
<b>Есептен шығарылмайтын айырмалардың салық әсері</b>		
Дивидендтер	(1.591.014)	(62)
Берілген қарыздар бойынша дисконт	(343.008)	–
Берілген кепілдіктерден түскен қаржылық кіріс	(59.902)	–
Корпоративтік кепілдіктер бойынша міндеттемелерден болған активтер резервтері	180.971	–
Өтеусіз жалдау	135.057	–
Аяқталмаған құрылысты есептен шығарудан болған шығындар	125.544	128.374
Резидент еместен КТС	80.461	–
Демеушілік пен қайырымдылық	75.394	79.828
Алынған қарыздар бойынша дисконт	22.012	–
Есепке алынуға рұқсат етілмеген ҚҚС	3.014	118.490
Алдыңғы жылдың корпоративтік табыс салығына қатысты түзетулер	–	(714.435)
Табыс салығы бойынша айыппұлдар	–	877.478
«Самұрық Энерго» акцияларын өткізуден түскен кіріс	–	267.787
Кеңес беру қызметтері	–	23.673
Басқа да есептен шығарылмайтын айырмалар	326.927	377.138
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>5.074.693</b>	<b>8.649.966</b>

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына кейінге қалдырылған салық бойынша активтердің/ (міндеттемелердің) құрамдастары былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер</b>		
Берілген корпоративтік кепілдіктер бойынша міндеттемелер	338.088	180.971
Басқа да резервтер	94.735	92.383
Есептеу әдісі бойынша жатқызылған шығыстар	19.913	–
Корпоративтік кепілдіктер бойынша міндеттемелерден болған активтер резервтері	(338.088)	–
Негізгі құралдар	–	11.568
Қарыздар	–	13.862
	<b>114.648</b>	<b>298.784</b>
<b>Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер</b>		
Қарыздар	(13.500)	–
Салықтар	(10.548)	(9.227)
Негізгі құралдар	(6.723)	–
	<b>(30.771)</b>	<b>(9.227)</b>
<b>Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша таза активтер</b>	<b>83.877</b>	<b>289.557</b>

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР**

Байланысты тараптарға Компанияның негізгі басқарушы персоналы, елеулі үлес тікелей немесе жанама түрде Компанияның негізгі басқарушы персоналына, ҚазМұнайГаз тобының компанияларына тиесілі болатын ұйымдар, Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және Самұрық-Қазына бақылайтын ұйымдар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын компаниялар кіреді.

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптарға қолданылған тарифтердің талаптарында көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар ақшалай түрде жасалады. 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компания 2014 жылы «ҚазТрансГаз-Бишкек» ЖШҚ-ға берілген 71.379 мың теңге сомасындағы пайызсыз қарыздың құнсыздануын көрсетті, мұндай бағалау әрбір қаржы жылы байланысты тараптың және оның қызметі жүзеге асырылатын нарықтың қаржылық жай-күйін тексеру арқылы жүзеге асырылады (2013 жыл: нөл теңге).

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен елеулі мәмілелер, сондай-ақ 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына қалыптасқан қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Сауда дебиторлық берешек	Пайызсыз қарыздар	Өзге ағымдағы активтер
<b>2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>			
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	44.635.221	835.434	6.462.425
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	10.008	25.221.543	9
«ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар	—	—	3.182.618
«Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар	1.479.581	—	500.011
	<b>46.124.810</b>	<b>26.056.977</b>	<b>10.145.063</b>

<i>Мың теңгемен</i>	Сауда дебиторлық берешек	Пайызсыз қарыздар	Өзге ағымдағы активтер
<b>2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>			
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	594.190	392.660	1.460.156
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	7.229	—	5.828
	<b>601.419</b>	<b>392.660</b>	<b>1.465.984</b>

<i>Мың теңгемен</i>	Сауда кредиторлық берешек	Алынған аванстар	Алынған қарыздар	Өзге ағымдағы міндетте- мелер
<b>2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>				
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	8.996.568	—	—	990
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	8.194.804	—	—	—
«ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар	314.830	—	8.189.299	36.292
«ҚазМұнайГаз» қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	3.826.135	—	—	—
«Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар	—	131.039	—	4.186
	<b>21.332.337</b>	<b>131.039</b>	<b>8.189.299</b>	<b>41.468</b>

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****30. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)**

Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)

Мың теңгемен	Сауда кредиторлық берешек	Алынған аванстар	Алынған қарыздар	Өзге ағымдағы міндетте- мелер
<b>2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</b>				
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	4.025.775	–	–	–
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	273.045	–	–	–
«ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар	–	–	–	71.604
«ҚазМұнайГаз» қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	905.960	–	–	–
«Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар	–	723	–	14.260
	<b>5.204.780</b>	<b>723</b>	<b>–</b>	<b>85.864</b>

Мың теңгемен	2014	2013
--------------	------	------

<b>Тауарлар мен қызметтерді сату</b>		
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	64.853.375	1.624.476
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	22.757	1.795.383
«Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар	2.522.276	–
	<b>67.398.408</b>	<b>3.419.859</b>

<b>Тауарлар мен қызметтерді сатып алу</b>		
Ұйымның жалпы бақылауындағы ұйымдар	28.907.274	22.704.854
Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	17.018.576	249.363
«ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар	2.253.626	375.046
«ҚазМұнайГаз» қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар	26.354.424	8.851.844
«Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы ұйымдар	40.097	40.289
	<b>74.573.997</b>	<b>32.221.396</b>

2014 жылдың ішінде Компания «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің жалпы бақылауындағы банктен 391.333 мың теңге (2013 жылдың ішінде: нөл теңге) сомасына депозиттер бойынша сыйақыны есептеді, сондай-ақ Компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар тарихи шығындарды өтеу бойынша 746.203 мың теңге (2013 жылы: нөл теңге) сомасында кірістерді мойындады.

*Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы*

Негізгі басқарушы қызметкерлерге Басқарма мүшелері, Компания департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 36 адам (2013 жылы: 34 адам). 2014 және 2013 жылдары негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 839.438 мың теңге және тиісінше 503.756 мың теңге болды, әрі ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР****Газды жеткізу бойынша ҚТГ міндеттемелері**

2014 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның 202.911.522 мың теңге (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 115.898.438 мың теңге) сомасында газды өткізу міндеттемелері болды. Газды сатып алу бойынша шарттық міндеттемелердің сомасы 153.947.279 мың теңге (2013 жылы: 81.136.802 мың теңге) болды.

«Gazprom Schweiz AG» сатуға арналған келісімшарттарға сәйкес Компания кінәсінен табиғи газдың Айлық келісімшарттық көлемі жеткізілмеген жағдайда, Компания жеткізілмей қалған табиғи газ көлемі құнының 0,01% мөлшерінде айыппұлды төлеуге міндетті. 2014 жылғы 31 желтоқсанға Компания басшылығы бұл ережеге қатысты «Gazprom Schweiz AG» алдында қандай да бір міндеттемелер жоқ деп есептейді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Қызметтерді сатып алу міндеттемелері**

2012 жылғы 25 желтоқсанда Компания Астана қаласында Жекпе-жек сарайын жобалау және салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы шартты жасады. Жалпы құнын ҚҚС сомасын ескере отырып 5.818.445 мың теңге құрайды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мердігерлік ұйым шартқа сай ҚҚС-ты ескере отырып 1.159.541 мың теңге жалпы сомаға жұмыстарды орындады. Компанияның 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.388.562 мың теңге (2013 жылы: 1.904.359 мың теңге) мөлшерінде берілген аванс балансы бар. Келісімшарт бойынша 4.658.904 мың теңге мөлшеріндегі жұмыстардың қалған бөлігі тепе-тең ұсталған аванс сомасын шегере отырып құрылыс жұмыстарының аяқталуына қарай өтелуі тиіс. Жекпе-жек сарайының пайдалануға берілуі 2015 - 2016 жылдары күтілуде.

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар өте қатаң болуы мүмкін. Заңнамада қолданылып жүрген ережелер, азаматтық талаптар немесе өзгерістерді өте қатаң түсіндіру нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес.

Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді.

**Сақтандыру мәселелері**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру саласы даму халінде болып отыр, басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері әлі де болса Қазақстан Республикасында қол жетімсіз болып отыр. Компанияның өндірістік ғимараттарға, өндірістік процестің тоқтап қалу залалдарына, сондай-ақ Компания объектілерінде немесе оның қызметінің барысында болған апаттардың нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Компания баламалы сақтандыру өтемін алмайынша, кейбір активтердің бұзылу залалдарының және жоғалту тәуекелі болады, бұл Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін.

**Салық салу**

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2013 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық, 2014 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылауы лайықты болып табылады және Компанияның салықтар бойынша ұстанымы расталады деген ықтималдылық бар деп есептейді.

**Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау**

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансфертті баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, «қол ұшын беру» қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау (жалғасы)**

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұл заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ. Нәтижесінде, операциялардың әр алуан түрлеріне трансферттік баға белгілеу туралы заңды қолдану нақты көрсетілген болып табылмайды.

Трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктің салдарынан салық органдарының ұстанымы Компанияның ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар, бұл 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың қосымша сомаларына әкеп соқтыруы мүмкін. Басшылық 2014 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Компанияның трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

**Сот шағымдары мен талаптары**

Компания әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында сот процестері мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылық, мұндай процестермен немесе шағымдармен байланысты түпкі міндеттеме, егер ондай орын алса, Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, оның келешектегі жұмыс нәтижелеріне айтарлықтай теріс әсер етпейді деп есептейді.

**32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ**

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелеріне банк қарыздары, сауда және басқа да кредиторлық берешек, және қаржылық кепілдік шарттары кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Компанияның операцияларын қаржыландыру және оның қызметін қолдау үшін кепілдіктер беру болып табылады. Компанияның негізгі қаржы активтерінің құрамына байланысты тараптарға берілген қарыздар, сауда және басқа да дебиторлық берешек, банк салымдары мен оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын ақша қаражаты кіреді.

Компания пайыздық тәуекелге, валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Компанияның басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Компания басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Компанияның қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Компания басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Компания қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

**Пайыздық тәуекел**

Пайыздық тәуекел – қаржы құралы бойынша әділ құн немесе келешек ақша ағындары нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелі. Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелеріне жатады. Нарықтық бағаға тәуекелдің екі түрі кіреді: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен банк салымдары кіреді.

Компания саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Пайыздық тәуекел (жалғасы)**

Төмендегі кестеде пайыздық қарыздардың тиісті бөлігіне қатысты пайыздық мөлшерлемелердің ықтимал өзгерістерін негіздеуге сезімталдық талдауы келтірілген. Барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасына келесідей әсерін тигізеді:

<i>Мың теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
<b>2014</b>		
АҚШ доллары	+2,8	20.955
	-2,8	(20.955)
<b>2013</b>		
АҚШ доллары	+3,1	476
	-3,1	(476)

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – әділ құн немесе тәуекелге ұшырағыштықпен байланысты келешек ақша ағындары валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұратындығының тәуекелі. Сауда дебиторлық берешектің айтарлық сомаларының, пайыздық қарыздардың және АҚШ долларымен білдірілген сауда кредиторлық берешектің нәтижесінде АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер Компанияның қаржылық жағдай туралы жекелеген есебіне және Компанияның жиынтық кіріс туралы жекелеген есебіне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін. Компания сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Келесі кестеде Компания пайдасының табыс салығына дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Мұндай өзгерістер Компанияның меншікті капиталына айтарлықтай ықпал етпейді.

<i>Мың теңгемен</i>	Ұлғайту/азайту	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
<b>2014</b>		
АҚШ доллары	+17,37%	(12.060.415)
	-17,37%	12.060.415
<b>2013</b>		
АҚШ доллары	+30%	5.978.448
	+10%	1.992.816

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір тарап өз міндеттемелерін орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығынды көтеруге мәжбүр ететін тәуекел. Компания өзінің операциялық қызметінің және инвестициялық қызметтің кейбір түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Компания банк салымдарын орналастырып, шоттарды көбінесе қазақстандық банктерде ұстауда. Компания басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Компания басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві қажет емес.

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Неснелік тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде «Standard&Poor's» және «Fitch Ratings» кредиттік агенттіктерді пайдалана отырып есепті күнге банктердің шоттарындағы банк салымдары, ақша қаражаты бойынша сомалар көрсетілген:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	2014	2013	2014	2013
«Qazag Bank» АҚ	Қазақстан	B-/тұрақты/C	--	6.544.567	--
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	BB/ тұрақты	BB/тұрақты/B	2.435.367	5.494.580
«Азия Кредит Банкі» АҚ	Қазақстан	B/ тұрақты	--	1.914.675	--
«РБК Банк» АҚ	Қазақстан	B-/тұрақты/C	--	1.419.312	--
«Альянс Банк» АҚ	Қазақстан	B/ тұрақты	BB/ тұрақты	500.030	4.500.015
«DB Royal Bank of Scotland Қазақстан» АҚ	Қазақстан	A-/теріс	A+	135.400	273.783
«HSBC Банк Қазақстан» ЕБ АҚ	Қазақстан	BB/ тұрақты	BB/тұрақты/A2	115.383	253.298
«Сити Банк Қазақстан» ЕБ АҚ	Қазақстан	A-1/тұрақты	BB/ тұрақты	2.578	37.175
«Альфа Банк» АҚ	Ресей	B/тұрақты/BBB	B/тұрақты/BBB	421	28
«Қазкоммерцбанк» АҚ	Қазақстан	B/теріс	BB/ тұрақты	47	3
«Банк Центр Кредит» АҚ	Қазақстан	B/ тұрақты	B+/ тұрақты	20	--
				<b>13.067.800</b>	<b>10.558.882</b>

Операциялардың қолданыстағы деңгейі кезінде басшылық Компания несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті рәсімдерін белгіледі деп есептейді, бұл Компания танылған, несиені төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Компания қолдағы сауда дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес құнсыздану рәсімінен өтеді.

Ақша қаражаты мен олардың баламалары, пайызсыз қарыздар, сауда және өзге де дебиторлық берешек кіретін Компанияның өзге де қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Топтың несиелік тәуекелге ұшырағыштығы қарсы агент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

**Өтімділік тәуекел**

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияда қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Компания өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді.

Төмендегі кестеде осы міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>						
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	--	41.231.292	--	--	--	41.231.292
Пайыздық қарыздар	--	74.589.880	--	20.727.683	--	95.317.563
	--	115.821.172	--	20.727.683	--	136.548.855
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына</b>						
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	--	1.826.603	4.271.054	19.573	--	6.117.230
Пайыздық қарыздар	--	4.650.028	1.508.517	--	--	6.158.545
	--	6.476.631	5.779.571	19.573	--	12.275.775

**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Капиталды басқару**

Компанияның капиталын басқарудың негізгі мақсаты жоғары кредит рейтингісін және қызметті қолдау әрі акционерлік құнды көбейту мақсатында капитал жеткіліктілігінің тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету болып табылады.

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Компания өз капиталын басқарады. 2013 жылмен салыстырғанда Компанияның жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Компания капиталының құрылымы 17 және 18-ескертпелерде ашылып көрсетілген қарыздар, 16 және 17-ескертпелерде ашылып көрсетілгендей жарғылық капиталды, қосымша төленген капитал мен бөлінбеген пайданы қосатын капитал кіретін берешектен тұрады.

Компания басшылығы әр жарты жыл сайын Компания капиталының құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Компанияның 1,5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің нысаналы коэффициенті бар.

Қарыз қаражаты үлесінің меншікті капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
<b>Банк қарыздары</b>	<b>74.147.480</b>	<b>6.158.545</b>
<b>Бас компаниядан алынған қарыздар</b>	<b>7.982.388</b>	<b>—</b>
<b>Берешек жиыны</b>	<b>82.129.868</b>	<b>6.158.545</b>
<b>Капитал</b>	<b>265.367.310</b>	<b>215.646.785</b>
<b>Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті</b>	<b>0,31</b>	<b>0,03</b>

**Қаржылық құралдардың әділ құны**

Бұдан әрі Компанияның барлық қаржылық құралдарының баланстық құны мен әділ құны санаттары бойынша салыстыру берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Ағымдағы құн</b>		<b>Әділ құны</b>	
	2014	2013	2014	2013
<b>Қаржы активтері</b>				
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар	26.056.977	392.660	26.056.977	392.660
Сауда дебиторлық берешек	67.722.447	21.365.167	67.722.447	21.365.167
Банктердегі салымдар	10.375.847	4.609.518	10.375.847	4.609.518
Пайдалануға шектелген ақша қаражаты	1.694.444	1.670.056	1.694.444	1.670.056
Ақша қаражаты және олардың баламалары	1.004.431	4.534.375	1.004.431	4.534.375
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	74.147.480	6.158.545	74.147.480	6.158.545
Байланысты тараптардан алынған қарыздар	7.982.388	—	7.982.388	—
Берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелер	1.690.441	904.852	1.664.084	904.852
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	41.231.292	6.117.230	41.231.292	6.117.230



**ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**32. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Бағалау және болжау әдістері**

Басшылық ақша қаражаты мен қысқа мерзімді банк салымдарының, сауда дебиторлық берешектің, байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздардың, сауда кредиторлық берешектің, құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың және басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің әділ құны, ең алдымен, бұл құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне орай, шамамен олардың баланстық құнына тең екендігін айқындады.

Жекелеген қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы операцияның нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді.

Байланысты тараптардың ұзақ мерзімді қарыздары мен қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелердің әділ құны эмитенттің есепті кезең соңындағы жағдай бойынша қарызға алынған капиталына пайыз мөлшерлемесін көрсететін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындары әдісінің көмегімен айқындалады.

**Бағалау үшін едәуір қадағаланбайтын бастапқы деректердің сипаттамасы**

Компания қолдағы байланысты тараптардан болған барлық қарыздарды және берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелерді 3-деңгейде жіктеді, оларда иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланатын болып табылмайды. 3-деңгейге келетін міндеттемелердің әділ құнын бағалау үшін Компания қарыз берген байланысты тараптың алдындағы міндеттемелердің орындалмау тәуекелі үшін қадағаланбайтын дисконттау мөлшерлемесін, сондай-ақ ҚТГ кепіл беруші болып табылатын банктік қарыздар бойынша ИОА мен ҚТГ-Аймақтың міндеттемелерді орындамау тәуекелі үшін қадағаланбайтын дисконттау мөлшерлемесін пайдаланды. Бұл дисконттау мөлшерлемелерінің +1% / – 1% өзгеруі бұл міндеттемелердің әділ құнының (553.912) / 599.790 мың теңгеге өзгеруіне әкеп соқтырады.

**33. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

2015 жылғы 29 қаңтарда «ИОА» Компания алдындағы дивидендтер бойынша 6.462.425 мың теңге сомасындағы берешекті өтеді.

2015 жылғы 16 ақпанда Компания мен «АлматыГазТрейд» ЖШС (бұдан әрі «АГТ») «АГТ»-ның 12.171 мың АҚШ доллары (АҚШ доллары үшін 185,05 теңге бағамы бойынша баламасы 2.252.284 мың теңге) «Gazprom Schweiz AG» алдындағы берешекті басқаға беру туралы келісімді жасады. Келісімге сәйкес Компания барлық берешек сомасының ақысын төледі.